

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Слабое сотрудничество между центральным госорганом и нацкомпаниями с местными исполнительными органами и консалтинговыми компаниями также является серьезным недостатком развития МІСЕ-туризма в Казахстане.

Как показывает мировая тенденция, динамичное развитие МІСЕ-туризма связано не только с развитием рыночной экономики, но также с количеством крупных международных корпораций находящихся в развитых странах. Поэтому, в Казахстане можно эффективно использовать имеющиеся инфраструктуры в мегаполисах для создания крупных бизнес-центров.

В период пандемии COVID-19 и после, деловой туризм можно использовать в качестве возможности для восстановления туристической индустрии в стране, которая в настоящее время испытывает определенные трудности. Трансформация Казахстана своих возможностей в данном сегменте с сбалансированным ослаблением карантинных ограничений на проведение международных деловых встреч помогла бы развивать туризм в стране, а значит и вносить серьезный вклад в экономику.

Список использованной литературы

1. Постановление Правительства РК от 31 мая 2019 г. №360 «Об утверждении Государственной программы развития туристической отрасли РК на 2019-2025 гг.»
2. <http://www.proconf.ru/turism.html>
3. ICCA Statistics Report 2020. <https://www.iccaworld.org/>
4. <https://kapital.kz/economic/95640/v-sferu-turizma-privlekli-pochti-615-mlrd-tenge-chastnykh-investitsiy.html>
5. <https://www.iccaworld.org/searchsite.cfm?cx=010512806986151457630%3A69yazfikppk&cof=FORID%3A11&ie=UTF-8&spgid=250&q=ranking>
6. <https://qaztourism.kz/projects/analytics/>
7. <https://travel.usnews.com/rankings/>
8. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mcs/documents/1?directions=344&lang=ru>
9. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/delovoy-turizm-pomojet-kazahstanskim-otelyam-421514/

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫҢ ДАМУ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРТТЕУ

Калдыбаева Д. О.

Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

danira_77@mail.ru

Экономикасы дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өрісінің қызметіне баға бергенде, тиімділік ұғымына көп мән бермей, негізінен «тұрақты ауыл шаруашылығы» түсінігін алға қояды.

Шет елдері ғалымдарының пайымдауынша, дәстүрлі ауыл шаруашылық капиталды белсенді пайдаланатын жүйе ретінде сипатталады және соңғы кездері механикаландыру деңгейі жоғары болып, белсенді өсімдік пен мал шаруашылығы кеңінен қолданылады. Бұл әртүрлі жасанды тыңайтқыштарды, синтетикалық пестицидтерді, антибиотиктерді, гормондарды және отынды пайдалану мөлшерінің едәуір өсуіне әкелді, нәтижесінде экологиялық мәселелер туындады. Сонда, «дәстүрлі ауыл шаруашылығымен» байланысты мәселелерді тұрақсыз деп атай бастады. Қайтарылмайтын қорлардың азаюы, жерлердің тозуы, ауыл шаруашылық химикаттарының қоршаған ортаға зиянды ықпалы, ауылдық жерлердегі тұрғындардың арасындағы теңсіздіктің өсуі, дағдарыстың көбеюі, дәстүрлі аграрлық құндылықтардың жоюлуы, жұмысшылардың қауіпсіздік деңгейінің төмендеуі, фермалар саны мен көлемдерінің азаюы сияқты ықпалдар басқа даму жолдарын іздестіруге итермеледі. Нәтижесінде «тұрақты ауыл шаруашылығы» термині пайда болды. Оған келесі анықтама берілді: бұл белгісіз уақыт мерзімі ішінде алдын ала берілген шарттарға сәйкес болатын қызмет [1].

Тұрақты ауыл шаруашылығы бірнеше идеологиялық тәсілдерді қамтиды, оның ішінде органикалық ауыл шаруашылығы, биологиялық ауыл шаруашылығы, экологиялық ауыл шаруашылығы, биодинамикалық ауыл шаруашылығы, регенеративті ауыл шаруашылығы, пермакультура және агроэкология. Берілген тәсіл бойынша ауыл шаруашылығы өндірісі өтетін жерлерге басқару жүргізу қызметі келесі ұрпақтар үшін болашақты есебке алып жүргізіледі. Нәтижесінде өткен тәжірибені және соңғы ғылыми жетістіктерді пайдаланып, егіншіліктің интеграцияланған, қор сақтағыш және әділ жүйелері жасалынады.

Тұрақты ауыл шаруашылық жүйе бірнеше мақсаттардың балансын құруға тырысады, яғни табиғи қоршаған ортаны сақтау және жақсарту, адамзаттың тағам өнімдеріндегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету, фирманың экономикалық және әлеуметтік деңгейін өсіру. Сонымен тұрақты даму тұжырымдамасы пайда беретін қызметті жүргізуді, шыққан байлықты әділ және тең құқық негізінде бөлуді, табиғи экожүйелерді сақтауды көздейді.

Бүгінгі күнге дейін ауыл шаруашылық тұрақтылығын бағалаудың көптеген құралдары құрастырылған болатын және олар, көбінесе, бір қатар көрсеткіштердің, заттардың кең спектрын біріктіруге бағытталып, әртүрлі мақсаттарға жетуге тырысады, мысалы мониторинг жүргізу, сертификация жасау, тұтынушыларға ақпарат беру, фермерлік шаруашылықтарға кеңес беру, зерттеу жүргізу және т.с.с. [2].

Жаңа бағалау құралдарын жасау үшін фермерлер мен зерттеушілер арасында белгілі ынтымақтастық ұйымдастырылады, фермерлердің үлесі дәстүрлі ғылыми білімге беретін қосымша ақпарат ретінде қарастырылады.

Ғалымдар тұрақтылық көрсеткіштерін техникалық тілде құрастырады, яғни арнайы көрсеткіштер мен индикаторларды анықтайды, оларды қолдану өрісін айқындайды. Индикаторлардың атқаратын бір функциясы ретінде зерттеу

нәтижелеріне қызығушылығы бар жақтар (фермерлер, ғалымдар, ұйымдар, тұтынушылар, т.б.) арасында байланыс орнатуды атауға болады.

Индикатор – бұл түсінуге ауыр немесе сандық тұрғыдан бағалау қиын болатын басқа айнымалыларды түсіндіретін айнымалы шама [3]. Индикаторлар – бұл күрделі жүйелерді сипаттауды қарапайым түрге айналдыратын тәжірибеде қолданылатын құрал. Оларды жеке дара немесе олардың белгілі бір тізімін біріктіріп қолдануға болады. Индикаторлардың сапасы оларды құрайтын мәліметтердің сапасына тәуелді. Индикаторлардың атқаратын қызметтеріне келесі жатады:

1. Бағалауды жеңілдету, қарапайым жағдайға келтіру;
2. Сандық баға беру;
3. Қолайлы түрде ақпарат беру.

Негізгі қиындықтар осы индикаторларды дұрыс таңдаумен, түсіндірумен және қолданумен байланысты болады.

Тұрақтылық көрсеткіштерді таңдау, көбінесе, саяси процестердің сипатына тәуелді болады, яғни «эксперттердің жетекшілігімен» және «қоғамның жетекшілігімен» деген сөздердің артында тұрақты дамудың қандай да бір басымдылықтарына қатысты көзқарастар тұрады. Экономикалық ынтамақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) индикаторларды таңдаудың келесі өлшемшарттарын ұсынады [4]:

1. Саясат үшін өзектілігі, яғни индикатор саясатты құрастыру үшін маңызды болатын сұрақтарға қатысты болу керек.

2. Іс жүзіне сайлығы, яғни іс жүзіне сай индикаторды тіпті ғалым қатарына кірмейтін басқа адаммен дұрыс (заңды) деп қабылдану керек.

3. Қол жетімділігі: шешім қабылдайтын тұлғалар үшін арналған шкалаға сәйкес көрсеткіштер таңдалады.

4. Өлшемдігі. Саясаттың ықпалына мониторинг жасау үшін мәліметтерді алу жеңілдігі мен қол жетімділігі әсіресе маңызды болады.

Ауыл шаруашылығының тұрақтылығын бағалайтын индикаторларды құрамдас индикаторларға біріктіреді. Оларды құру әртүрлі әдістердің ішінен ең тиімдісін таңдауды талап етеді. Композитті, құрамдас индикаторларды құрастыру тұрақты дамуды бағалаудың бірегей әдісі ретінде саналады. Қолдану мақсатына қарай оларды өлшемдермен немесе өлшемсіз құрастырады. Ең қолайлы әдісті таңдау зерттеудің мәліметтеріне және көлеміне тәуелді болады. Дұрыс әдісті таңдау үшін эмпирикалық талдау немесе екіөлшемді, көпөлшемді статистикалық әдістер қолданылады. Көпөлшемді талдау кезінде арнайы матрицалар көмегімен барлық айнымалы жұптары арасында корреляциялық байланыс анықталады. Сонымен қатар дискриминантты, басты компонент пен факторлық талдау жүргізіледі. Бұл әдістердің басты мақсаты – құрамдас индекске ықпал ететін маңызды айнымалылардың санын анықтау.

Сонымен, шет елдерде (көбінесе, дамыған елдерде) ауыл шаруашылық және мал шаруашылығы жүйелеріне қатысты әртүрлі индикаторлар әдістемелері қолданылады (Кесте 1.) Ауыл шаруашылық субъектісіне мониторинг жасау, қызметіне баға беру құралдары визуальдік интеграциялау құралдарынан тұруы

мүмкін, олар тұрақтылық көрсеткіштерін радарлық диаграмма немесе гистограмма түрінде көрсетеді де барлық шамаларды бірінғай құрамдас индикаторларға біріктіреді.

Кесте 1. – Ауыл шаруашылық өндірісінің тұрақтылығын сипаттайтын индикаторлық әдістемелер тізімі

Әдістеме атауы	Сипаттамасы	Қолдану мысалдары
Delphi әдісі	Бұл әдісті, көбінесе күрделі мәселелерді шешу немесе стратегия құрастыру үшін қолданады. Ол ауыл шаруашылығына эксперттерден кеңес алу немесе көрсеткіштерді анықтау мен таңдау үшін бейімдетілген.	Канададағы сүт фермаларының тұрақтылығын анықтау үшін
MESMIS (Marco para la Evaluación de Sistemas de Manejo incluyendo Indicadores de Sustentabilidad) тұрақтылық көрсеткіштері бар бағалаудың басқару жүйесі	Берілген әдіс жүйелердің сипаттамасын қамтамасыз етеді, шекті нүктелерді анықтайды және жүйенің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілері үшін, тұрақтылықты анықтау үшін нақты индикаторларды таңдайды. Индикаторлар көмегімен алынған ақпарат аралас әдістер мен көпөлшемшартты талдау арқылы зерттеледі	Испанияда мал шаруашылығын зерттеу үшін. Орталық Мексикада тұтыну деңгейі аз жүгері фермалары үшін
IDEA (Ауыл шаруашылық дақылдарды ұзақ уақыт бойы пайдалану индикаторлары): ауыл шаруашылықтың тұрақтылық индикаторлары	Бүкіл шаруашылықтың тұрақтылығын агроэкологиялық (18 көрсеткіш), әлеуметтік-территориальдік (18 көрсеткіш) және экономикалық (8 көрсеткіш) шкалалар көмегімен бағалайды	Ливан және Марокко елдеріндегі ұсақ мал шаруашылығы үшін
RISE (Жауап қайтару шараларын қабылдауды ынталандыру арқылы тұрақтылықты бағалау)	Берілген құрал да барлық өндіріс түрлеріне қолданылады және тұрақтылықтың үш аспектісін 12 көрсеткіштен тұратын тізім көмегімен бағалайды. Әр көрсеткіш қазіргі жағдайының өлшемінен және қозғаушы күшінің өлшемінен тұрады	Қытайдағы сүт фермалары. Оңтүстік Үндістандағы шай фермалары. Арменияның сүт фермалары
SAFE (Ауыл шаруашылығы мен қоршаған ортаның тұрақтылығын бағалау)	Ауыл шаруашылық экожүйелерімен ұсынылатын тауарлар мен қызметтерге негізделеді, нәтижесінде иерархияның бірінші деңгейіне әкеліп, тұрақтылықтың үш өлшеміне (экономикалық, әлеуметтік, экологиялық) қатысты қағидаларға сүйенеді.	Бельгиядағы сүт, ет және құс шаруашылық-тары
MOTIFS (Фермерлік шаруашылықтардың интеграцияланған тұрақтылығына мониторинг жүргізу құралы)	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді есебке алып, фермерлік шаруашылықтардың интеграцияланған тұрақтылық	Фламандтық сүт фермалары (Нидерланды)

	бағытында дамуын зерттеуге мүмкіндік жасайды.	
SAFA (Тағам және ауыл шаруашылық жүйелердің тұрақтылығын бағалау)	Қарастырылатын салалардың қоршаған ортаға және адамдарға әсерін бағалау үшін құрастырылған әдістеме. Мұнда әсіресе маңызды тұрақтылық өлшемдері қарастырылады: дұрыс басқару, экологиялық тұтастық, экономикалық тұрақтылық, әлеуметтік амандық	Солтүстік Америкадағы, Европадағы ауыл шаруашылық
Ескерту: [4] бойынша құрастырылған		

Қарастырылған шетелдік әдістемелердің әрқайсысының кейбір элементтерін Қазақстанда қолдануға болады, алайда әсіресе жарасатын әдістемелерге MOTIFS және SAFA бағдарламаларын жатқызуға болады деп ойлаймыз, өйткені олар кейінгі жылдары шығарылып, олардың қолданбалы бағдарламалары (яғни компьютерлерде пайдалануға болатын бағдарламалары) құрастырылған. Оларды тек, жергілікті ерекшеліктерді есебке алып, түзету қажет және отандық тілдерге аударған дұрыс болар еді.

Қорыта келе, мақалада ауыл шаруашылық саласының тиімділігіне ықпал ететін факторларды теориялық тұрғыдан зерттеп, оларға баға берудің әдіс-тәсілдері (шетелдік тәжірибені есебке алып) қарастырылды. Осыған орай келесідей қорытынды жасауға болады:

Бүгінгі күні Қазақстан экономикасы, бүкіл әлем экономикасы сияқты жаңа кезеңге – цифрлық экономика кезеңіне ене бастады, осы тұрғыдан жаңа цифрлық технологиялар мен факторлардың әсері барлық экономика салаларына, оның ішінде ауыл шаруашылығына да өсе бастады. Қазақстан ауыл шаруашылығының тиімділігін өсірудің бірден бір факторы ретінде болатын цифрлық технологияларды енгізу мәселесі маңызды мәселелер қатарына кірді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Hansen J. Is agricultural sustainability a useful concept? *Agricultural Systems*. 1996; 50(1996):117-143 Elsevier
2. De Olde EM, Oudshoorn FW, Sørensen CAG, Bokkers EAM, de Boer IJM. Assessing sustainability at farm-level: Lessons learned from a comparison of tools in practice. *Ecological Indicators*. 2016a;66:391-404
3. Van der Werf HMG, Petit J. Evaluation of the environmental impact of agriculture at the farm level: A comparison and analysis of 12 indicator-based methods. *Agriculture, Ecosystems and Environment*. 2002; 93:131-145
4. Jaime Fabián Cruz, Yolanda Mena and Vicente Rodríguez-Estévez *Methodologies for Assessing Sustainability in Farming Systems* // <http://dx.doi.org/10.5772/intechopen.79220>